



ПРЕЗИДЕНТ

МЕМЛЕКЕТ БАСШЫСЫ ПРЕМЬЕР-МИНИСТР ОЛЖАС БЕКТЕНОВТІ ҚАБЫЛДАДЫ

Қасым-Жомарт Тоқаев Қазақстан Республикасының биылғы қаңтар-маусым айларындағы әлеуметтік-экономикалық даму қорытындылары туралы есепті тыңдап, экономиканы одан әрі әртарапандыру жоспарымен танысты.

Премьер-министр бірінші жартыжылдық қорытындысы бойынша ішкі жалпы өнім көлемі 4,1 пайызға өскенін баяндады. Экономика құрылымындағы өңдеу өнеркәсібінің үлесі – 9,8 пайызға, көлік саласы – 7,1 пайызға, құрылыс 15,2 пайызға артты. Сондай-ақ сауда-саттықта – 5,7 пайыз, ауыл шаруашылығында – 4,4 пайыз және байланыс қызметінде 4,3 пайыз өсім тіркелді. Негізгі капиталға тартылған инвестиция көлемі 9,5 триллион теңгені құрады, соның ішінде жеке инвестиция 21,4 пайызға ұлғайды.

Олжас Бектенов ұлттық экономика құрылымын нығайту жөнінде есеп берді. Биыл өңдеу секторында 1,7 триллион теңгеге 200 инвестициялық жоба іске қосылып, 17 мың жұмыс орны ашылады. Үкімет басшысы ірі автожол жобаларының жүзеге асырылу барысы, Астана қаласындағы екінші әуежайдың құрылысын және Tarlan Astana көлік жүйесінің келесі кезеңін жоспарлау туралы айтты. Пайдалануға берілетін тұрғын үй көлемі 20 миллион шаршы метрге жетпек. Ауыл шаруашылығындағы өндіріс көрсеткіші 15 триллион теңгені құрап, егістік алқаптары 23,8 миллион гектарға дейін ұлғайды. Шаруаларды қолдауға 1 триллион теңге бөлінді. Бұл ретте бюджеттің әр теңгесі 6,5 теңге жеке инвестиция тартуға септігін тигізді.

Мемлекет басшысына Халықтың табысын арттыру жөніндегі кешенді жоспардың іске асырылуы және инфляцияны төмендету шаралары туралы ақпарат берілді. Маусым айында жылдық инфляция деңгейі 10,3 пайызды құрады.

Президентке әлеуметтік және көші-қон саясатын жетілдіру нәтижелері туралы баяндалды, сондай-ақ жұмысқа орналасуға ынталандыру арқылы әлеуметтік қолдау тетіктерінің тиімділігін арттыру тәсілдері таныстырылды. Кейбір әлеуметтік төлемдерді оңтайландыру нәтижесінде жылына 800 миллиард теңгеден аса қаржы үнемделеді.

Кездесуде жылыту маусымына дайындық мәселесіне айрықша назар аударылды. Өткен маусымның қорытындысы бойынша бес жылу электр орталығы аса жоғары тәуекелдің «қызыл» аймағынан шығарылып, үш ЖЭО «жасыл» аймаққа ауыстырылды. Биылғы жөндеу жұмыстары 9 энергия блогын, 55 қазандықты және 51 турбинаны қамтиды. Аталған мақсатқа 384 миллиард теңге бөлінген. «Энергетикалық және коммуналдық секторларды жаңғырту» ұлттық жобасы аясында жыл соңына дейін 12 мың шақырым инженерлік желі жөнделеді.

Президентке цифрландыру және ұлттық AI инфрақұрылымын дамыту жөніндегі тапсырмаларының орындалуы туралы мәлімет ұсынылды. Олжас Бектенов «Деректерді өңдеу орталығы алқабы» жобасын іске асыру мақсатында әлемдік IT көшбасшыларымен бірге қуаты 250 МВт болатын инфрақұрылым жасақталатынын айтты. Шетелден тартылған инвестиция көлемі 10 миллиард доллардан асты.

Мемлекет басшысына туризм инфрақұрылымын жаңғырту жайында есеп берілді. Алматы тау кластерін дамыту туризм саласының ІЖӨ құрылымындағы үлесін арттырады. Алматы SuperSki жобасының құрылысы жандана түсті: 60 шақырым трасса құрылысы аяқталғанда тәулігіне 10 мың адамға дейін қызмет көрсетуге мүмкіндік туады. Нысанды пайдалануға беру 2028 жылдың желтоқсан айына жоспарланған. Еліміз «Болашақ ойындары-2026» жарыстарын өткізуге дайын.

Мемлекет басшысы жаңа Конституцияға сай қабылданып жатқан шаралар туралы хабардар болды. Заңнаманы Ата заңға сәйкестендіру, «Әділетті Қазақстан» және «Зан мен тәртіп» қағидаттарын нығайту, әлеуметтік саясатты жетілдіру, Алатау қаласын қарқынды дамыту үшін құқықтық негіз қалыптастыру, сондай-ақ «Таза Қазақстан» бастамасын ілгерілету бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Кездесу соңында Қасым-Жомарт Тоқаев елімізді өркендету бағытындағы жүйелі қадамдарды жалғастыруды тапсырды. Үкіметке әлеуметтік және инфрақұрылымдық нысандар салуға арналған ауқымды бағдарламаны қолға алу міндеті жүктелді. Бұл бастама ел азаматтарының тұрмыс сапасын айтарлықтай жақсартуға тиіс. Зама-науи деңсаулық сақтау нысандарын салуға ерекше назар аударылады.

Қазақстан Республикасының Президенті жанындағы Орталық коммуникациялар қызметі.

ОБЛЫСТЫҚ БАЙҚАУ

МАҒЖАНДЫҚ КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР БАС ЖҮАДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ



Петропавл қаласында Солтүстік Қазақстан облысының ауылдық шығармашылық ұжымдары бас қосқан «Ауылдың үздік мәдениет мекемесі – 2026» облыстық байқау-сайысының гала-концерті өтті. Өнер додасы «Әнім саған, туған жер» атауымен ұйымдастырылып, өңірдің барлық аудандарынан келген өнер ұжымдарын біріктірді.

Жалғасы 4-бетте.

МӘСЛИХАТ СЕССИЯСЫ

ДЕПУТАТ ӨКІЛЕТТІГІН ТОҚТАТТЫ



15 шілде күні Мағжан Жұмабаев ауданы сегізінші шақырылған мәслихатының қырық екінші сессиясы өтіп, оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, мемлекеттік мекемелер мен ұйымдардың басшылары, Бұлаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Сессияның жұмысы аудандық мәслихаттың депутаты Ермек Бөкіров жүргізіп, күн тәртібіне екі сұрақ шығарылғанын жеткізді.

Депутаттар күн тәртібін, сессия жұмысының регламентін бекітіп, сұрақтарды қарастыруға көшті.

Алғашқы болып «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 19-бабының 1-тармағына, 20-бабы 3-тармағының 3-1), 8) тармақшаларына сәйкес аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 14 шілдедегі шешімі негізінде № 1 сайлау округінің депутаты Айзада Нұрланқызы Рахметованың өкілеттігін мерзімінен бұрын тоқтату және Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы лауазымынан босату туралы мәселе қаралды.

Депутаттар бірауыздан дауыс беріп, аталған

шешімді бекітті.

Сондай-ақ сегізінші шақырылым депутаттары №6 сайлау округінің депутаты Жәния Абайқызы Қайдарованы Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы өкілеттігін уақытша атқарушы етіп сайлады.

Екінші мәселе «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев аудандық мәслихатының 2026 жылғы 8 мамырдағы № 39-2 «Солтүстік Қазақстан облысы Мағжан Жұмабаев ауданының әлеуметтік көмек көрсету, оның мөлшерін белгілеу және мұқтаж азаматтардың жекелеген санаттарының тізбесін айқындау қағидаларын бекіту туралы» шешіміне өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің басшысы Елена Умовист баяндама жасады.

Депутаттар күн тәртібіндегі барлық мәселе-лерді қарап, тиісті қаулылар қабылдады.

ҚҰРЫЛТАЙ
23 тамыз



ЛАЙЫҚТЫ ТҮЛҒАҒА ЛАЙЫҚТЫ МАРАПАТ



- 2026 жылғы 10 шілдеде «Әділет» саяси партиясының III кезектен тыс съезі өтіп, онда Құрылтай депутаттығына кандидаттардың 186 адамнан тұратын партиялық тізімі бекітілді. Аталған тізімге Рахметова Айзада Нұрланқызы да енгізілді, - деді Рахат Назымбекұлы.

Осыған орай, аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы Данияр Шайкенов аудандық сайлау комиссиясының 2026 жылғы 14 шілдедегі шешімі негізінде №1 сайлау округінің депутаты Айзада Нұрланқызы Рахметованың өкілеттігі мерзімінен бұрын тоқтатылғанын және Мағжан Жұмабаев ауданы мәслихатының төрағасы лауазымынан босатылғанын жеткізді.

Рахметова Айзада Нұрланқызы - №1 бір мандатты сайлау округі бойынша аудандық мәслихаттың депутаты, кейін аудандық мәслихаттың төрағасы болып сайланды.

15 шілде күні аудан активінің жиналысы өтті. оған аудан әкімі Рахат Смағұлов, ардагерлер кеңесінің төрағасы Оралбай Сағымдықов, аудандық сайлау комиссиясының төрағасы Данияр Шайкенов, жергілікті атқарушы және аумақтық органдардың басшылары, Бұлаев қаласы мен ауылдық округтердің әкімдері қатысты.

Аудандық мәслихат төрағасы лауазымында жұмыс істеген уақытында Айзада Нұрланқызы өзін сауатты, бастамашыл және жауапты басшы ретінде көрсетті, жергілікті өзін-өзі басқаруды дамытуға, өкілді және атқарушы биліктің өзара іс-қимылын жетілдіруге, аудандағы қоғамдық-саяси тұрақтылықты нығайтуға елеулі үлес қосты.

Айзада Нұрланқызы өзінің күнделікті қызметі барысында азаматтардың құқықтарын қорғау, әлеуметтік саланы дамыту, білім беруді, денсаулық сақтауды, мәдениет пен спортты қолдау, отбасы инсти-

тутын нығайту, әйелдер мен балалардың құқықтарын қорғау мәселелеріне ерекше назар аударды.

Мемлекет басшысы 2024 жылғы 15 сәуірде қол қойған Қазақстан Республикасының әйелдер құқықтары мен балалардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері жөніндегі заң жобасын талқылау жөніндегі жұмысқа белсене қатысты.

- Құрметті Айзада Нұрланқызы! Адал еңбегіңіз, жоғары кәсібилігіңіз, табандылығыңыз, белсенді азаматтық ұстанымыңыз және сындарлы бірлескен

жұмысыңыз үшін алғыс айтамыз. Осы жылдар ішінде Сіз әріптестер мен аудан тұрғындарының құрметіне ие болдыңыз, ауданның өкілді билігі мен қоғамдық-саяси өмірінің дамуына лайықты үлес қостыңыз. Сізге зор денсаулық, сарқылмас қуат, жаңа кәсіби жетістіктер, белгіленген мақсаттарды табысты іске асыру және барлық бастамаларыңызда одан әрі табыстар тілейміз, - деді Рахат Смағұлов.

Аудан әкімі аудан активі атынан Алғыс хат табыс етіп, естелік сыйлық сыйлады.

Өз кезегінде Айзада Рахметова аудан басшылығына, ауданның ақсақалдар қауымына, әріптестері мен ұжымына ризашылығын білдіріп, алғыс айтты.

Ауданның басшылар құрамы да өздерінің ізгі тілектерін арнап, Айзада Нұрланқызына өмірінің жаңа белесінде сәттілік тіледі.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

«АҚ БИДАЙ - 2026» ОБЛЫСТЫҚ ЖАЗҒЫ СПОРТ МЕРЕКЕСІ



СПОРТШЫЛАР АУДАН НАМЫСЫН АБЫРОЙМЕН ҚОРҒАДЫ

Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы «Ақ бидай - 2026» облыстық жазғы спартакиадасында аудан намысын абыроймен қорғап, жоғары жайындық деңгейін, спорттық жігері мен жеңіске деген ұмтылысын көрсетті.

Жарыс қорытындысы бойынша спортшыларымыз келесі нәтижелерге қол жеткізді:

Жеке жетістіктер:

Ж. Нұрғалина — оқ атудан I орын;
М. Яцкевич — оқ атудан II орын;

А. Куприянова — ядро лақтырудан II орын;

А. Куприянова — диск лақтырудан II орын;

Г. Каско — армрестлингтен I орын;

А. Алиев — 100 метр қашықтыққа жүгіруден II орын;

А. Маймескулова — 1500 метр қашықтыққа жүгіруден I орын;

А. Калининко — ұзындыққа секіруден III орын;

Д. Хлоповский — 800 метр қашықтыққа

жүгіруден II орын.

Командалық жетістіктер:

I орын — оқ ату;

II орын — жазғы Президенттік көпсайыс;

III орын — әйелдер баскетбол командасы;

III орын — әйелдер волейбол командасы.

Облыстық спартакиаданың қорытындысы бойынша Мағжан Жұмабаев ауданының құрама командасы Солтүстік

Қазақстан облысының 13 ауданы арасында жалпыкомандалық есепте 8-орынға ие болды.

Спортшыларымызды, жаттықтырушыларды және команданы дайындауға үлес қосқан барша азаматтарды шын жүректен құттықтаймыз! Баршаңызға жаңа жеңістер, биік белестер мен толағай табыстар тілейміз!

Қанат МҰСАТАЕВ,
дене шынықтыру және спорт бөлімінің басшысы.



ТӘУЕЛСІЗДІГІМІЗДІҢ ТҰҢҒЫШ ТӨЛ МЕКТЕПТЕРІ

Міне, осындай бағытты ұстанған республикамыздың түкпір – түкпірлерінде 1989-1990 жылдардан бастап, әсіресе, оның ішінде Солтүстік Қазақстан облысы мен Петропавл қаласында «Қазақ тілі» қоғамының филиалдары құрылды. Сонымен іле-шала ауылдық жерлердегі қазақы қауымның кең қолдауымен аудандық бөлімшелері де ашылып, қоғамның қым-ғұят жұмыстары қызулы түрде басталып кетті.

Ең алдымен осы қоғамның белсенділері мен оларға ілескен тіл жанашырлары «Ел боламын десең, бесігіңді түзе!» - деген басты қағиданы бетке ұстанып, осыны түсіндіріп іс жүзінде асыруға елмен етене араласып та кетті. Алдымен қазақша балабақшаларды ашу үшін ата-аналарымен кездесіп, керек десе ауылдық жерлерде үйлеріне дейін кіруге тура келді.

Алғашқы нәтижесінде қарақоз балдырғандардың бақшаға керекті сандық мөлшерін жинап беруге бірден қол жеткізілді. Басты дәлелі ретінде Петропавл қаласында бұрын мүлдем болмаған алғашқы «Салтанат» атты қазақ балабақшасы ашылып, іле-шала 1991 жылдың көктемінде қазақы мүлдем аз саналатын Явленка селосында да, яғни бұрынғы Ленин ауданының (қазіргі Есіл ауданы) орталығында жаңадан ашылған «Балдоурен» атты балабақша қазақтың балаларын қабылдай бастады.

Сосын осындағы орыс мектебінде 1993 жылдың күзінде қазақша 1-ші сынып ашылып, сосын жылдан жылға көпшең сайын қазақ сыныптарының сандары көбейіп, оларға орыс мектебі тіпті тарлық ете бастады. Сол себепті, қазақша оқытуға жаңа құрылған №3 Явленка орта мектебі ретінде енісің алып, 25.10.2000 жылы бөлек ғимаратқа көшірілді. Елдің жұмылған күшімен аяғына тік тұрған осы тұңғыш қазақ мектебіне 2005 жылы талантты кинорежиссер Аяған Шөжімбаевтің аты берілді.

Міне, тәуелсіздігіміздің алғашқы жылдары облыс орталығында осылай үлере басталып, аудандарда бір-біріне ілеесе жалғасқан игі бастамалардың кейінгі үдеуі осылай үлгілі үрдіске ұласты. Әсіресе, кешегі келмесе кеткен кенестік тоталитарлық жүйенің мұрағаттарындағы күнпія деректерге толы «жабулы қазандардың қақпақтары» біртіндеп ашылып, тың деректердің бастапқы легі облыстағы жаңа сала – өлкетану тарихын ханғырта жазуға мол септігін тигізді.

Тарихқа соңғы уақытқа дейін түрлі себептермен әдейі енгізілмей, саяси қағаберістің түбінде тұншықтырылып, көмескіленіп бара жатқан Қожаберген жыраудың (1663-1763 ж.ж.) күреске толы қайраткерлік жолын, тарихи және әдеби асыл мол мұрасын жаңғыртуға осылай айқара жол ашылды. Қазақ елі ежелден 367 жыл бойы жан-жағынан талаған сыртқы жауларының жойқын шапқыншылықтарынан қорғап, ұлан-байтақ жерінің тұтастығын және тәуелсіз мемлекеттілігін сақтап қалуға қажымас қайраткерлік танытқан Әз Төуке (1635-1718 ж.ж.), Әбілхайыр (1693-1748 ж.ж.) және Абылай (1711-1781 ж.ж.) хандардың, Төле би, Қазыбек би және Әйтеке билердің, сол кезде тікелей атсалысқан атақты ақын-жыраулардың алдыңғы сабында теріскейдегі Гүлтобегіні тұмасы, атақты Толабай сыншының ұлы Қожаберген жыраудың тұрғаны ешқандай даусыз екені айдан да анық еді.

Осындай танымал тарихи тұлғаның 20 жылдан астам біріктірілген қазақ өскерінің 1688-1710 жылдардағы талантты бас қолбасшысы болғаны, білікті дипломат және қазақ хандығының елшісі ретінде көрші елдерге барандығы жайлы деректер зерттеліп, басқа да жан-жақты ерекше қасиеттері жайындағы мағлұматтар елге жүйелі түрде жария етіле бастады.

12.01.2012 жылы арнайы құрылған «Жеті жарғы және Қожаберген жырау» аттындағы халықаралық қайырымдылық қорының демеушілік күшімен тәуелсіздіктің бастапқы жылдары қыруар істер атқарылды. Петропавл қаласында өткізілген Қожаберген жырауға арналған төрт республикалық ғылыми-тәжірибелік конференциялардың зерттеу материалдары, шығарылған бес кітапты және оған қойылған биік ескерткішті айтсақ та әзірше жеткілікті.

Тәуелсіздігіміздің атар таңының қарсаңында 1989 жылы Алматы қаласында өткен 1-ші құрылтайда «Халықаралық «Қазақ тілі қоғамы» қоғамдық бірлестігі» құрылғанын бұрыннан білеміз. Айтулы қоғамның жарғысы бойынша негізгі мақсаттарының тоқ етерін ашып айтқанда – Ата Заңымыздағы мемлекеттік қазақ тілінің, құқықтық, мәртебесін көтеру, жергілікті жерлерде оның қолданыс аясын кеңейту және ұлттық мәдениетіміздің, түрлерін жаңғыртып насихаттау болып табылатын.



Осы ақын-жыраудың тарихи өте құнды шығармаларының ішіндегі шоктығы өте биік саналатын «Елім – ай» атты поэмасы XVII-XX ғасырларда қазақ елінің сапына ерен ерліктің дастаны ретінде рухани күш беріп, оның осы аттас өлең түріндегі «Елім – ай» атты әні қазақ даласында ұлттық әнұран ретінде айтылды.

Қайғы-қасіретке толы осы мұңлы өнді зарлап айтып, торғайдай тоз-тоз болып бытырап, қаңғырып көпшен қысылтап ауыр жылдар елдің есінде «Ақтабан шүбырынды» және «Алқақол сұлама» деген ащы атаулармен сақталып бізге жетіпті. Шындығында «Елім – ай» атты эпикалық поэмаға негізгі арқау болған осы қантөгіс оқиғалардың ұзын тізбектері елдің бір ғасырға созылған тарихын толық қамтиды екен.

Сол себепті, қасіретті бұл туынды тарихи құндылығы жағынан бүкіл әлем өмірсізін асыл қазынасынан орын алған ұлы Гомердің «Илиада» және «Одиссея» атты поэмаларымен теңесе алады екен. Осындай лайықты өте жоғары баға берген академик Манах Қозыбаев сынды ғұлама тарихшымыз 2000 жылы өзінің «Қожаберген – тәуелсіздік дауылапы» атты көлемді мақаласында ғылыми талдау, дәйекті түрде жазып кетті.

Кезінде еліміздегі білікті заңгерлердің бірнеше буынын тәрбиелеп, танымал мемлекет пен құқық таңушылардың ғұлама атасы атанған академик Салық Зиманов 2010 жылғы өзінің «Қожаберген – ұлттық ерліктің нышаны» атты мақаласында оның бір ғасырлық қайраткерлік күрес жолы мен рухани мол мұрасын толық зерттеп, жаңғырған есімінің бұрын мемлекеттік тұрғыдан ала алмаған әділ бағасын алуға енді ғана дұрыс жол ашылғанын атап көрсетті.

Қазақ халқы мемлекеттілігінің негіздері мен стратегиялық даму жолдарын салғанда Төуке мен Абылай сынды екі ұлы ханның оң қолы болғанын айқындай айтты. Бұрынғы заманның қолданыстағы «Есім ханның ескі жолы», «Қасым ханның қасқа жолы» сияқты ескірген дала заңдарын ығыстырып, олардың орнына бір жүйеге келтіріп жетілдірілген құқықтық нормалардың жаңа нұсқасын дайындап, яғни сол заманның ағымына аяқ «Жеті жарғы» сияқты жаңа заң құжатын шығаруға тікелей ат салысқан Қожабергеннің жетекші рөліне ерекше тоқталды.

Ал енді, тәуелсіздігіміздің таңында ашылған тұңғыш төл мектептеріміз туралы тақырыпқа қайта оралатын болсақ, онда осы ашылуда дейін орыс ормандай қалың Петропавл қаласында жалғыз ғана М.И. Калинин атындағы №2 облыстық басқа орта мектеп-интернаты бар болатын. Мұнда осы облыстың жан-жақтағы алыстағы ауылдарынан келген қазақтың балалары ғана оқи алатын еді.

Облыстық халыққа білім беру бөлімінің

30.09.1985 жылғы №345 бұйрығы бойынша бұл мектепке Кеңес Одағының Батыры жерлесіміз Әбу Досмұхамбетовтың есімі беріліп, содан бері облыстық дарынды балаларға арналған гимназия-интернат деп аталады. Осылай келбеті дұрыс түзелген игі бастаманың жалғасы ретінде Петропавл қаласы әкімінің 29.03.1996 жылғы №121 бұйрығы бойынша ең алдымен Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектеп, сосын осы 1996 жылы атакты жерлес жазушымыз Сафуан Шаймерденов атындағы қалалық классикалық гимназия ашылды.

Көп кешікпей қазақы қауымның жұмылған күшімен 1998 жылы ұлы ғұлама Әбуасыр әл-Фараби атындағы мектеп-лицей, ал кезінде облысымызды басқарған, көрнекті мемлекет қайраткері Жұмабек Төшенев атындағы №20 орта мектеп (24.08.2000 ж.), сосын 2007 жылы Абай атындағы мамандырылған қазақ мектеп-гимназиясы және 2019 жылы Әлихан Бөкейханов атындағы №25 жалпы білім беретін орта мектеп ашылды.

Бұл өткен соңғы 30 жылдың ішінде Петропавл қаласында ғана ашылып, тек таза қазақша оқытатын жаңа білім ошақтары еді. Бұл тізімге қосылмаған аралас мектептердің қазіргі жағдайы - бөлек бір мәселе. Ал қазақы керуеннің көш басшысы - 1996 жылы ашылған Қожаберген жырау атындағы №6 орта мектептің құрылғанына биыл 30 жыл толып, мерейтойдың басынан аяқ іс-шараларына қатысып, осы жиндыда мектептің өткен жолы мен жетістіктері жайында біраз маңызды мағлұматтарымен танысуға тура келді.

Жаңа мектептің ең алғашқы директоры (1996-2007 ж.ж.) болып, бұрын ҚазМУ-дің тарих факультетін және Мәскеудегі КОКП ОК жанындағы қоғамдық ғылымдар академиясын бітірген, 1993-96 жылдары жаңадан құрылған Солтүстік Қазақстан облыстық тілдер басқармасының басшысы болған Ахметова Әлия Ысқақызының (18.03.1946 ж.т. - 07.12.2025 ж.ж.) тағайындалуы жайдан жай емес еді. Себебі, 15.05.2026 жылы осы мектептің ұжымының атынан Петропавл қаласына кіре берістігі Қожаберген жыраудың биік тұғырдағы, ат үстіндегі еңселі ескерткішіне гүл шоқтары қойылды.

Осылай таңмен тағзым студент басталған ауқымды іс-шаралардың барысында осы мектептің үш қабатты жаңа ғимаратында Әлия Ысқақызының атына арналған жаңа тарих кабинеті салтанаты түрде ашылды. Шүңіккен мен Петропавл қалалық және облыстық партия комитеттерінде жауапты қызметтер атқарып, өңірдің қоғамдық өміріне белсене араласып, кейінгі кезде мемлекеттік тілдің дамуына және жаңа ұрпақты тәрбиелеуде қомақты үлес қосқанына айрықша баға беріліпті. Бастапқы ұйымдастыру сияқты кинн кезеңде Әлия Ысқақызы ел басқару ісінде жинаған мол тәжірибесін еш аянып

қалмай, он бір жылдай жаңа мектептің оқу және материалдық базасын нығайтып, біліктілігнен басқара білгенін айтулы кабинеттегі көрнекті құралдар дәлелден тұрды.

30 жыл бойғы осы мекеменің тарихи даму көріністерін, әсіресе, қабырғада ілінген келесі мектеп басшылары мен тіл жанашырларының суреттерін, деректі құжаттардан және басқа да түсіндірме жазбалардан айқын көруге болады екен. Әлия Ысқақызының осы мектеп ұжымының алдында: «Біздің мектеп - ең алғашқы, таза, қарапайым қазақ балаларының мектебі. Қара шаңырақ, бұл - халық мектебі, сондықтан қанаттыға қактырмай, түмсықтыға шоктырмай өсіру керек!» - деп ылғи қайталап айтатындары қазір қанатты сөз тіркестеріне айналып, шындыққа ұласып жатқанын ел көрді.

Шынында да Петропавл қаласындағы ең саны көп бұл мектепте жүз 1162 оқушы білім алып, 92 педагог қазымы іспен, ал жылына 80-ге жуық түлек томамдайды екен. 2025 жылы мектеп үлгілі ретінде мемлекеттік сынақтан өтіпті. Осы мектептің ең алғашқы түлектері биыл 37 мүшел жасқа толып, осы мерейтойда олар да өз балаларын тек осы мектепте оқытып жатқанын мақтанып алып жатты.

Қалталы ата-аналар тұрақты демеушілік жасап, көпшілігі немерелерін қазақша оқытуға осы мектепке сеніммен беріп жатқандарын қайталаудан тандады. Салтанатты жиндыда ұстаздардың дені марапатталып, қалалық білім бөлімі мектепке бір миллион теңгелік сертификат тапсырды.

Былтыр 2025 жылы енгізілген республикалық «Тілге бойлау» және облыстық «Тіл мұрасы» жаңа жобалары аясында 2026 жылы 19 мамырда осы мектепте облыстық семинар өткізіліп, оған аудандардан келген өдіскерлер қазақ тілін оқытудағы тиімді тәжірибелерді талқылап, инновациялық өдіс-тәсілдерді жинақтап және тарату жөніндегі ұсыныстарымен бөлісіп жатты.

Ана тіліне деген қызығушылықты оятып, оны арттыру мақсатындағы жаңа жобаның алғашқы іс жүзіндегі сынақтары осы мектептен басталуы бірден зор сенімді арқалатқанын аңғарта керек. Ой өрістері мен тілдері орысша қалыптасқан қарақоз балдырғандарды қол қабылдап, оларды алғашқы қазақ сыныптарына бірден қазақша үйрету ұзақ уақыт пен жүйелі жұмысты талап ететіні анық.

Бұларға қазір қазақша тіл үйренуге мотивация беретін өдіс-тәсілдер (қазақша ойындар, қойлындар мен өңдер, мультфильмдер, тіл үйірмелері, көрнекілік және қызығушылықты оятытын басқа да тақырыптар) кенінен қолданылады екен. Мұндай оқушылардың әрқайсысының тілге дайындық деңгейлерін ескере отырып, жеке немесе топтық жұмыс жүргізу жайында жобадан жазылған екен.

Мектептің қазіргі директоры Айнагүл Ескалмиева бір сыныпты екі топқа бөліп оқытса, онда білім сапасы да өте тиімді болатынын айтты. Шынында да бөріп топырлатып бір топқа тоғытқаннан гөрі өлгіңдей өдістерді қолданып, мүғаліме жеке оқушыны немесе аз топты оқыту өлдекайда жеңіл және нәтижелі екендігі түсінікті. Уақыт дегенің сынышы және емші ғой. Болашақта облыстағы осындай қазақ мектептерінің қабырғаларынан жыл сайын қазақы болмысы, ана тілі мен ділі толыққанды қалыптасқан түлектердің молынан шығатынына сеніміміз мол.

Осындай нәтижелі мақсат үшін тіл майданында аянбай тер төккен абзал ақсақалдарымыз бен белсенділеріміздің көпшілігі бұл өмірден өтіп те кеткен, солардан қалған кейінгілердің жастары жетістіктің үстінде және аз ғана қалыпты. Солардың атынан және тірі куәгері ретінде көмескіленіп, ұмытылып бара жатқан оқиғаларды осылай жаңғырта жазғанды жөн көрдім.

«Кеудеңе шыбын жаның болса егер, жоғалта жер бетінен қазақ атын», - деген Қожаберген жыраудың өлең жолдарымен осы мақаламды аяқтағым келеді.

Қайрат ДҮЙСЕНБІ,
ҚР тәуелсіз заңгерлер палатасының заңгері, ҚР журналистер одағының және «Қазақ тілі» қоғамының Петропавл қалалық филиалының алқа мүшесі.

МАҒЖАНДЫҚ КӨРКЕМӨНЕРПАЗДАР БАС ЖҰЛДЕНІ ЖЕҢІП АЛДЫ



Жалғасы, басы 1-бетте.

Биылғы мәдени іс-шара Солтүстік Қазақстан облысының 90 жылдығына арналды. Көрермен назарына Ермек Серкебаевтың 100 жылдығына және ұлы ақын Мағжан Жұмабаевтың шығармашылық мұрасына арналған арнайы қойылымдар ұсынылды. Салтанатты кешке облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов қатысып, ауыл мәдениетінің маңызын атап өтті.

— Биыл әңгіміз өзінің 90 жылдығын атап өтуде. Бұл мерейтойлық жыл жеріміздің талантты адамдарға қаншалықты бай екенін тағы бір мәрте көрсетіп отыр. Біз есімдері еліміздің тарихы мен мәдениетінің бір бөлігіне айналған көрнекті жерлерімізді құрметтейміз. Жыл сайын жаңа таланттар шығып, мәдениетке адал қызмет етуде. Әрқайсыңызға осы еңбектеріңіз, туған жерге деген сүйіспеншіліктеріңіз және өмірдің дамуына қосқан үлестеріңіз

үшін алғыс білдіремін, — деді Ғауез Нұрмұхамбетов.

Арнайы комиссия бірнеше ай бойы ауылдық мәдениет мекемелерінің қызметін, шығармашылық ұжымдардың кәсіби деңгейін және жүзеге асырылып жатқан жобаларды бағалады. Финалға облыстың барлық аудандарынан үздік ұжымдар қатысып, өздерінің концерттік бағдарламаларын ұсынды.

Аталмыш гала-концертте ауданымыздың намысын аудандық мәдениет үйінің өнерпаздары абыроймен қорғап, облыстық іс-шараның шымылдығын ашу құрметіне ие болды.

Прологтық қойылым толықтай ауданымыздың шығармашылық ұжымының күшімен дайындалды. Қойылымдағы барлық актерлер — Мағжан Жұмабаев ауданының өкілдері. Ыбырай Алтынсариннің рөлін аудан әкімдігінің мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің тілдер жөніндегі бас маманы Мадияр Мол-

дабек сомдады. Дина Нұрпейісованың бейнесін аудандық Мәдениет үйінің әншісі Әйгерім Бейсеева, ал Жамбыл Жабаевтың рөлін аудандық мәдениет үйінің әншісі Олжас Жамбылов орындады.

Көрермендерге Қайратқызы Қарақат, Динара Сұрағанова және Әсел Баймолдина өздерінің жарқын музыкалық нөмірлерін тарту етті.

Облыс әкімінің бастамасымен бұл байқау жыл сайын өткізіліп, мәдениет саласын дамытуға, шығармашылық ұжымдарды қолдауға және жаңа таланттарды танытуға зор мүмкіндік беріп келеді.

Байқау қорытындысы бойынша үшінші орынды Фабит Мүсірепов атындағы аудан иеленіп, 1 млн. теңге көлеміндегі сертификатқа ие болды. Екінші орын Тайынша ауданына беріліп, 2 млн. теңгелік сыйақы табысталды. Ал бірінші орынды Айыртау ауданы жеңіп алып, 3 млн. теңге көлеміндегі сертификатпен марапатталды.

Сонымен қатар арнайы жүлделер де табысталды. Мағжан Жұмабаев атындағы арнайы сыйлық Аққайың ауданына, ал Ермек Серкебаев атындағы арнайы сыйлық Есіл ауданына берілді. Әр ауданға 500 мың теңгеден табысталды.

Байқаудың басты жүлдесі — Мағжан Жұмабаев ауданының шығармашылық ұжымына бұйырды. Жеңімпаздарға облыс әкімі Ғауез Нұрмұхамбетов жаңа шағын автобустың кілтін табыстады.

Бұл жеңіс — мәдениет саласы қызметкерлерінің қажырлы еңбегіне, таланты мен кәсіби шеберлігіне берілген жоғары баға. Бұл — лайықты марапат қана емес, ауданымыздың мәдениет саласын одан әрі дамытуға зор серпін беретін үлкен мотивация!

Баршаңызды айтулы жеңіспен шын жүректен құттықтаймыз! Жаңа шығармашылық жетістіктер, жарқын жобалар мен толағай табыстар тілейміз!



МЕРЕКЕ МЕЗЕТІ

ВЕТЕРИНАРИЯ – АДАМЗАТТЫ ҚОРҒАЙДЫ



Аудандық Мәдениет үйінде Мағжан Жұмабаев ауданы ветеринария қызметкерлерінің төл мерекесіне арналған салтанатты жиын болып өтті. Ветеринария қызметкерлеріне Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің атынан оның орынбасары Абай Қазисов құттықтап, ізгі тілектерін арнады.

Содан кейін Абай Серікұлы бірқатар мереке иелері ветеринарияны дамытуға қосқан үлесі, көп жылғы адал еңбегі үшін, ветеринария қызметкерлері күнін мерекелеуге байланысты Мағжан Жұмабаев ауданы әкімінің Алғыс хатымен марапатталды.

«СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ есепке алу және сәйкестендіру бөлімінің басшысы Думан Бекетов да арнайы келіп, мағжандық мамандарға облыстық ветеринария басқармасы басшысының Алғыс хатын табыс етті.

Өз кезегінде «СҚО әкімдігінің ветеринария басқармасы» КММ «Мағжан Жұмабаев ауданының ветеринариялық станциясы» ШЖҚ МКК директорының м.а. Азамат Әбішев те өріптестеріне ізгі тілектерін арнап, бірқатар мал дәрігерін Алғыс хаттармен марапаттады.

Ал аудандық Мәдениет үйінің көркемөнерпаздары тамаша концерт қойып, мереке иелеріне естен кетпес әсер сыйлады.

Еркін ТӨЛЕГЕН.

ЖҰМАБАЙ ҚАЗЫНЫҢ ЖЕРЛЕНГЕН ЖЕРІ МЕН МАҒЖАННЫҢ СУРЕТІ ТАБЫЛДЫ

Біріншіден, ұзақ жылдарға созылған ғылыми ізденістердің, архивтік құжаттарды, шежірелік деректерді және ел аузындағы мәліметтерді өзара салыстыра талдаудың нәтижесінде Жұмабай қажының жерленген жері анықталды.

Зерттеу қорытындыларына сәйкес, Жұмабай қажы қазіргі Сасықкөл ауылының солтүстік жағындағы көне зиратта жерленген. Бұл дерек архивтік материалдар мен далалық экспедиция барысында жиналған мәліметтердің өзара сәйкестігі негізінде нақтыланды. Осылайша, ұзақ уақыт бойы нақты орны белгісіз болып келген тарихи тұлғаның мәңгілік тыныстаған мекені анықталып отыр.

Жұмабай қажы — ел арасында үлкен беделге ие болған, қажылық парызын өтеп, халқына рухани қызмет еткен тарихи тұлға. Оның есімі қазақтың ұлы ақыны, Алаш қайраткері Мағжан Жұмабаевтың шыққан текті әулетімен тығыз байланысты. Сондықтан бұл жаңалық бір әулеттің ғана емес, ұлт тарихы мен руханияты үшін маңызды ғылыми жетістік болып табылады.

Екіншіден, осы ғылыми жоба аясындағы архивтік ізденістер барысында Мағжан Жұмабаевтың тергеу



Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің қолдауымен, Шоқан Уәлиханов атындағы Тарих және этнология институтының орындауындағы «ХІХ ғасыр – ХХ ғасырдың басындағы Қазақстандағы емішлік пен халық медицинасының тарихы» ғылыми жобасы аясында жүргізілген архивтік және далалық зерттеулер нәтижесінде ұлттық тарихымыз үшін маңызды екі жаңалыққа қол жеткізілді.

ісі кезінде түсірілген соңғы фотосуреті анықталды. Бұл — Алаш қайраткерінің өмірінің соңғы кезеңін бейнелейтін



сирек архивтік құжаттардың бірі. Фотосурет ХХ ғасырдың 30-жылдарындағы саяси қуғын-сүргін тарихын зерттеу

үшін де ерекше құндылыққа ие.

Бұл екі жаңалық — архивтік зерттеу, далалық экспедиция және тарихи деректерді кешенді талдау жұмыстарының нәтижесі. Алдағы уақытта Жұмабай қажының өмірі мен қызметіне қатысты жаңа архивтік құжаттарды ғылыми айналымға енгізу, көне қорымды жан-жақты зерттеу, тарихи орынның мәртебесін айқындау, сондай-ақ Мағжан Жұмабаевқа қатысты жаңадан анықталған архивтік материалдарды жариялау бағытындағы жұмыстар жалғасады.

Ұлттық тарихты жаңғырту — өткенді түгендеп, тарихи әділдікті қалпына келтірудің маңызды жолы. Жұмабай қажының жерленген жерінің анықталуы және Мағжан Жұмабаевқа қатысты жаңа архивтік деректердің табылуы — осы ірі істің нақты нәтижесі.

Сүйінші! Ұлт тарихының тағы бір ақтандық беті ашылды. Бұл қуанышты жаңалық барша қазақ еліне құтты болсын!

Самат ЖҰМАТАЙҰЛЫ,

жас ғалым,

Шоқан Уәлиханов атындағы
Тарих және этнология институтының
ғылыми қызметкері.

МАҒЖАННЫҢ АҒАРТУШЫЛЫҚ ІЛІМІ – ТӘРБИЕ ТҰНЫҒЫ

1913-1917 жылдары ол Омбы мұғалімдер семинариясында оқиды. Бұл оқуды ойдағыдай бітірген соң “Үш жүз” деген партияның жаласымен 5-6 айын Омбы түрмесінде өткізді. Одан шыққаннан кейін бірден оқу-ағарту жұмысымен айналысады. Осы қалада қазақ-қырғыз жастары үшін ашылған мұғалімдер курсынның жетекшісі және тарих, әдебиет пәндерінен дәріс оқиды. Кейін Омбыны Қолпак бастап алғаннан соң, өрі мұғалімдер үйі өрсініп көткендіктен курс 1920 жылы маусым айында Петропавл қаласына ауыстырылып, қазақ мұғалімдерінің Омбы губерниялық курсы осында ашылады. Мұнда да ол курс директоры болады әрі курсанттарға дәріс оқиды. Мағжан өз қолымен толтырылған анкетада негізгі мамандығы “киргизская словесность” дегеніне қарай, педагогикадан, қазақ тілі мен ұлт тарихынан дәрістер оқып келген.

Ол тек ағарту саласымен айналысып қойған жоқ. Сол заман үшін де, бүгін де өз маңыздылығын жоймаған оқу-әдістемелік құралдар жазған. Солардың ең бастысы, әрине, “Педагогика” оқулығы. Мағжан Жұмабаев Ыбырай Алтынсариннен кейін қазақ тілінде педагогикадан оқулық жазған адам. Сонымен бірге, оның қаламынан “Жазылашақ оқу құралдары нем мектебіміз”, “Сауатты бол”, “Бастауыш мектепте ана тілін оқыту жолы”, “Бала тәрбиелеу жолы”, “Қызыл әскер өліпкесі”, “Ана тілі”, 1931 жылы шыққан “Ересек шаласуаттылар программасы” және тағы басқа еңбектері бар. Ескерте кететін жағы, 1920-30 жылдары “Педагогика” оқулығын Орта Азияның барлық педагогикалық жоғары оқу орындары пайдаланған. Осының өзі Мағжанды көркем сөздің шебері ғана емес, сонымен бірге педагогика саласының да шебері және білгірі екенін айғақтайды. Оның 1922 жылы шыққан “Педагогика” оқулығы сол заман үшін де, бүгінгі де өз құндылығын жойған жоқ.

Мағжанның қолына алған ісін тыңғылықты, сапалы атқаратыны оның еңбектерінен көрінеді. “Педагогика” өте ертеден келе жатқан пән екенін, “адам тәрбиесі туралы ғылым” екенін, оның ұшар басында өлемнің үйі ұстаздары — Аристотель, Сократ, Демокрит, Рубинштейн, Ушинский тағы да басқа әлем таныған педагогтардың болғанын тілге тиек етеді. Өз “Педагогикасын” қазақ жанына жақындатыра отырып, өлемдік педагогикамен жаңастырады. Яғни қазақ халқының ертеден келе жатқан өз тәл педагогикасының бар екенін паш етеді. Осының өзінен-ақ Мағжанның ұлтжанды, қазақ халқының жанашыры, патриоты екенін көруге болады.

Мағжан “Педагогика” оқулығында тұңғыш рет ұлттық педагогиканы психологиямен байланыстыра оқытудың тәсілдерін қарастырып, бала тәрбиелеудің және олармен қарым-қатынас жасаудың жолдарын ғылыми тұрғыдан сипаттады. Оның сол кездегі озық ойлы тұжырымдары бүгінгі күні де өзекті. “Баланы ұлттық тұрғыдан заманға

1917 жылы қазан революциясынан кейін, сол кездегі қазақтың бір топ зиялылары, елді егемендікке жеткізудің жалғыз жолы — оқу, білім екенін түсінген болатын. Осыған орай олар мектептер ашып, халықты оқу, білімге шақырып қана қоймай, өздері оқулықтар, әдістемелік құралдар жазды. Солардың бірі — Мағжан Жұмабаев. Егер Мағжанның ағартушылық, ұстаздық жолына қысқаша шолу жасайтын болсақ, төмендегі жөйттерді аңғаруға болады.

лайық етіп отырып, тәрбиелеп оқыту керек”, — деген Мағжанның ойы бүгінгі күн үшін айтылғандай. Әр ұлт өз болашағын ойласа, ең алдымен ұрпағын ата-баба дәстүріне лайық етіп тәрбиелеуі керек. Сондықтан да ұлт педагогикасының негізгі көздегені — ұлтжанды, әр-ұяты мол, саналы азамат тәрбиелеу. Педагогиканың басты мәселелерінің бірі — жеке адамның дамуы және оған ықпал ететін күштер. Жеке адамның дамуындағы ықпалдың көзі — тәрбие, қоршаған орта екендігін ескерсек, бүгінгі жастарды қоғамдағы келесі дүниелердің өсерінен аман алып қалудың бірден-бір көзі ұлттық тәрбие екендігін біздің ғұлама бабаларымыз айтып көткен.

Мағжан Жұмабаев: “Жаңа дүрыс тәрбие беру үшін жанның жәйін баяндайтын ғылыммен таныс болу керек”, — деп қазақ ғұламаларының ой-пікірлерін ғылыми психология негізінде әрі қарай жалғастыра түскен. “Жанның жәйін зерттейтін ғылымды психология дейміз”, — деп жан туралы ғылымға анықтама береді. “Тәрбиенің басты жолы, адамның өзін-өзі бақылауы... Өзінің бойындағы мінін көрмей, өзіне өзі риза болып, мәз болып жүретін адамды жаны жабайы, мінезі тар адам дейміз”. Бақылауы, байқауы көп адамды парасатты, аңғарымпаз адам дейміз. Мүмкін болғанша тәрбиешінің “физиономика” болуы керек”, — деп шынайы педагогтың өр ғылымнан хабардар, жан-жақты жетілген азамат болуын талап етеді. Сондай-ақ баланың аянысуы, оған ізгілік тілеуі, туыстық сезімдерінің дамуы, елін, жерін сүйуі, ізгілікке ұмтылысы, гуманистік көзқарасының қалыптасуы мәселелерін кең көлемде қарастыра келіп, негізгі шарттарына тоқталады. Автор: “Кімде-кім өзін сүйсе, туысқандарын сүйсе, өз елін сүйсе, қала берді адам баласын бауырым деп санаса, сол адамды ізгі деп атаймыз”, — деп сезімнің қалай, қайдан туатынын айқындап береді.

Мағжан оқыту мен тәрбиенің өзара байланысына баса мән берген. Осыған байланысты ол: “...Адам баласын, әсіресе, жанын тәрбие қылу керек. Дүниеде теңіз терең емес, адамның жаны терең. Адам тілі арқасында ғана жан сырын сыртқа шығарып, басқалардың жан сырын ұға алады. Адамның өзін-өзі тексеруі оның жан турмысының өркендеуіне, түзу жолға түсуіне қажетті бірінші шарт” — деп ой түйе отырып, тәрбие мен оқытудың негізгі ұстанымдарына да назар аударады. “Тәрбиешінің табансыздығын сезсе, бала онымен сөйлесуден, тілін алудан қалады”, — деп орындау өй түюмен бірге, мұғалімдерге аса қажет дидактика мәселелеріне теориялық тұрғыдан айтып өтеді. Белгілі бір тақырыпты түсіндіргенде өткен тақырыппен байланысты, салыстырмалы түрде оқытудың тиімді екенін дәлелдейді. “Бір нәрсені балаға ашық ұқтырмақшы

болсаң, сол нәрсені қарама-қарсысын алып кел. Мысалы, балаға жер ортасының ыстықтығын түсіндірмекші болсаң, Солтүстіктің суығымен салыстыр”, — дейді. Мағжанның бұл кеңесін география сабағында қолдануға болады. Я болмаса, пән аралық байланыста қолданса да артық болмайды. Айталық, тарих және география пәндерін біріктіре отырып белгілі бір тақырыпты өткізгенде салыстырмалы түрде пайдалануға болады.

“Педагогика” оқулығында, Мағжанның ерекше тоқталған мәселесі — тілдің ұлттық сезіммен байланысы. Ол туралы: “Қазақ тілінде қазақтың сары сайран даласы, біреу жөлсіз түнде тымық, біреуе күйіндей өкпінді сары далада, үдере көшкен тұрмысы, асықпайтын, саспайтын сабырлы мінезі бәрі көрініп тұр”, — деп тебірене, шабыттана жазған. Осыған байланысты Мағжан бала тіліне отбасында аса ұқыптылықпен қарау қажет екендігін айтқан. “Кейбір адамдардың баланы өз тілінше сөйлеп, балаға тез ұқтырма деп, яки баланы еркелетіп, әдейі тілдерін бузып балаша шолжандар, сақау болып сөйлейтіндер бар. Бұл зор қате”, — деп одан сақтандыра жазған. Сонымен қатар: “Баланың тілін шын дұрыс жолға салатын, дұрыстайтын, байытатын — мектеп”, — деп мектептің бала тілін ұстартып, қалыптастырудағы қызметіне баса мән бергенін толық құптаймыз.

Ұлт пен тілдің арасындағы тығыз байланысты түсінуде Мағжанның келесі сөзі көмектеседі: “Бір ұлттың тілінде сол ұлттың жері, тарихы, тұрмысы, мінезі айнадай ашық көрініп тұрады”. Шынында да, тілден халықтың тарихы, шежіресі, үміті, қайғысы мен қуанышы, үні естіліп тұрады. Осыған орай орта білім беру жүйесінің мақсаты — қазақ тілін оқыта отырып, оның қоғамда атқаратын барлық қызметін көрсете білу. Бұл жерде маңызды талаптың бірі — тіл жүйесі арқылы халықтың танымын, басқа халықтармен қарым-қатынасын түсінуге үйрету. Тілді тек жақан грамматикалық схема ретінде емес, ғасырлар бойы жиналған халықтың, философияның, психологияның, педагогиканың, тарихтың жинағы ретінде үйрету қажет.

Сонымен қатар Мағжан шығармашыл, зияткер, жаңашыл мұғалім бола білген. Ол туралы 1922 жылы Мәскеу Күншығыс еңбекшілерінің коммунистік университетінде оқыған Бейсенбай Кенжебаев: “Қазақ тілі, қазақ әдебиетін М.Жұмабаев оқытқан еді. Ол ғалым, тәжірибелі, шебер оқытушы, асқан методист-педагог еді. Мысалы, ол шәкірттеріне “Өздерің білген бір ертеректі жазып келіңдер, соны класта оқып, біріміз бірге талқылаймыз”, — деп, тапсырма береді. Сөйтіп, ол бізге әрі әдебиетті, әрі дұрыс жазуды, әрі шығарма жазуды үйретті... Мағжан сабақ етіп жатқанда ешқандай қағаз пай-

даланбай суырып салма өдісмен өз ойын ортаға салып, оны өлender, мақалдар, шығармалардан үзінділерді жатқа оқып дәлелдеп отыратын”, — дейді.

М.Жұмабаев — әдіскер-ғалым. Ол: “Мұғалім бір сөзді ұзыннан ұзақ соза берсе, шәкірттің іші пысады, мұғалім үсті-үстіне төлеп, түрлі білімді бір түрлі айта берсе, бала мәз болып, іші пысады. Мұғалімнің шеберлігі өзі білген білімнің бәрін балаға тез білдіруге емес, елпен, басқыштап білдіруге. Сабақ оқытуда мұғалім сөзі жинақы, жігерлі, қызықты болуға тиісті. Сонда ғана ол баланың абайын (назарын) өзіне қарата алады. Сабақ үздіксіз балалардың ойнауы, тыныш отырмауы бір-бірімен сөйлесулері мұғалімнің жинақы, жігерлі бола білмегендігін”, — дейді.

Жалпы Мағжан “Педагогика” оқулығында “біз еліктегіш халықпыз..., ел болайық десек ондай еліктегішті қоя керек... Әрбір ұлттың өз мектебі, өз тәл оқулығы оқу керек” деген уәж айтады. Шынында да, балабақшада, мектепте, жоғары оқу орындарында шетелдік оқу бағдарламаларын пайдалануға әуеспіз. Мысалы, Мағжан талай жаңа педагогикалық технологияларды ұсыған. “Баланы заманауи сай оқыту” технологиясы, “Женілден ауырға”, “Мұғалімнің аз сөйлеп, баланы ойландыра оқыту технологиясы”, “Аздан көпке”, “Ойын технологиясын пайдалану”, “Таза тіл технологиясы”, “Баланы ұлттық тұрғыда тәрбие қылу технологиясы”, “Баланы таза қазақ тіліне үйрету технологиясы”, “Заманауи білім беру”, “Мұғалімнің өдеп, ғұрпы” және тағы да басқа технологияларды Мағжан жазған. Осыларды неге кеңінен пайдаланбаймыз? Петропавлдағы Мағжан Жұмабаев атындағы Жоғары педагогикалық колледждің ұжымы соңғы жылдары ғана осы оқулық бойынша білім беріп жатыр. Ал Стамбул университетінің ғалымдары “Педагогика” оқулығын 2020 жылы түрік тіліне аударғанын білеміз. Қазір ол пән ретінде оқытылады.

Еліміздің ұрпағын білікті де, білімді, ұлтжанды, отансүйіш қайраткер етіп тәрбиелеуде Мағжан Жұмабаевтың педагогикалық ілімдерінің мәні зор. Мағжанның педагогикалық ілімі басшылыққа алынып, жас жеткіншектер сол рухта тәрбиеленсе, еліміздің шынайы патриоттары есіп-жетілері анық. Менің ойымша, Мағжанның жеке қорын құруымыз қажет. “Мағжан ізімен” атты тарихи экспедиция ұйымдастырылып, оның болған жерлеріне арнайы іссапарлар ұйымдастырылса, архивтерде іздеу жұмыстарын жүргізе отырып, оның мәңгілік жерленген жерін іздеуіміз бүгінгі күн тәртібіндегі дүниелер болуға тиісті. Оның ізін Мәскеуде, Қазанда, Ташкентте, Санкт-Петербургта, Уфада сайрап жатыр. Өзі айтқандай, айдалада “төмпешік болып” ең белгісіз болып жатқан ұлы тұлғаның сүйегін іздеп тауып, елінің топырағына тапсыру борышымыз болуға тиісті.

Сабыр СЕҢКІБАЕВ,
педагогика ғылымдарының
кандидаты,
профессор.

EGOV.KZ ПОРТАЛЫНДА ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАР АВТОКӨЛІК НӨМІРІНЕ ОНЛАЙН ТАПСЫРЫС БЕРЕ АЛАДЫ

Жаңартылған «Заңды тұлғалардың автокөліктері үшін мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісіне тапсырыс беру» қызметі eGov.kz порталында қолжетімді. Алдағы уақытта бұл сервис eGov Business мобильді қосымшасының басты бетінде де пайда болады. Бұған дейін аталған қызмет тек жеке тұлғаларға ұсынылатын. 2026 жылдан бастап мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілерінің тізімі кеңейтіліп, «қалаулы» және «симметриялы» санаттар енгізілді.

Қызметті eGov.kz порталында пайдалану үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» — «Көлік және коммуни-

eGov.kz электрондық үкімет порталында заңды тұлғаларға арналған мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгілеріне тапсырыс беру қызметі автоматтандырылды. Енді ұйымдар өз автокөліктері үшін қалаған нөмірді онлайн таңдай алады.

қациялар» — «Автомобиль көлігі» бөліміне өту;

- «Мемлекеттік тіркеу нөмірлік белгісіне алуға тапсырыс беру» қызметін таңдау;
- қалаған нөмірді немесе комбинацияны таңдау;
- егер нөмір бос болмаса, басқа нұсқаны енгізу;
- нөмір бос болған жағдайда оның құны АЕК-пен және теңгемен көрсетіледі;
- міндетті жолдарды толтыру (облысты,

нөмір берілетін ХҚКО-ны және нөмір түрін таңдау);

- мемлекеттік бажды төлеу;
- өтінімді қол қою құқығы бар ЭЦҚ арқылы растау;
- жеке кабинеттегі «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінен электрондық құжат пен қызметтің нәтижесі туралы хабарламамен танысу.

Дайын нөмірді алдын ала таңдалған ХҚКО-дан алу қажет. Нөмір автокөлікке



мемлекеттік тіркеу рәсімі жүргізілгеннен кейін ғана ұйымға бекітіледі. Сондықтан автокөлікті қайта тіркеу немесе сатып алу кезінде нөмірдің ХҚКО-да дайын екеніне алдын ала көз жеткізген жөн. Қызмет көрсету мерзімі: Астана және Алматы қалаларында — 5 жұмыс күні, облыстар мен Шымкент қаласында — 15 жұмыс күні.



Бұған дейін газ есептегіш көрсеткіштерін онлайн тек QazaqGaz Aimaq қосымшасы арқылы жолдауға болатын. Енді бұл мүмкіндік eGov Mobile ішінде қолжетімді, бөлек қосымша орнатудың қажеті жоқ. Сервис уақытты үнемдеуге және нақты көрсеткіштерге сүйене отырып газ төлемін дәлірек есептеуге мүмкіндік береді.

EGOV MOBILE ҚОСЫМШАСЫНДА ЕНДІ ГАЗ ЕСЕПТЕГІШ КӨРСЕТКІШТЕРІН ОНЛАЙН ТҮРДЕ ЖОЛДАУҒА БОЛАДЫ

eGov Mobile мобильді қосымшасында газ есептегіш көрсеткіштерін онлайн түрде жолдауға мүмкіндік беретін жаңа QazaqGaz Aimaq сервисі іске қосылды. Сервис контролерді күтіп, қағаз құжат толтыру қажеттілігін жояды. Қосымша түрде жіберілген көрсеткіштердің дұрыстығын жасанды интеллект тексереді.

Сервистің негізгі ерекшелігі — көрсеткіштерді жасанды интеллект арқылы автоматты тексеру. Жүйе есептегіштің фотосын енгізілген деректермен салыстырып, сәйкессіздіктерді жібермей тұрып анықтайды. Бұл қолмен енгізу кезіндегі дәлсіздіктерді болдырмайды, пайдаланушыны қате есептеулерден қорғайды және контролер тарапынан қосымша тексеру қажеттілігін азайтады.

Сервисті пайдалану үшін:

- eGov Mobile қосымшасына кіру;
- «Сервистер» бөліміне өтіп, «QazaqGaz Aimaq» сервисін таңдау;
- деректерді ұсынуға келісім беріп, көрсетілген мәліметтерді тексеру;
- жеке шот нөмірін енгізу, жүйе оған тіркелген есептегіштің тізімін көрсетеді;
- қажетті есептегіш бойынша өзекті көрсеткіштерді енгізу;
- әр есептегіштің фотосын жүктеу, жасанды интеллект деректерді салыстырады;

- «Көрсеткіштерді жіберу» батырмасын басу.

Сервиске қосымшаның басты бетіндегі арнайы баннер арқылы да өтуге болады. Көрсеткіштер ай сайын 25-інен келесі айдың 5-іне дейін қабылданады. Онлайн жолдау қолмен енгізу кезіндегі қателіктерді азайтады, газ тұтынуды дәлірек есепке алуға мүмкіндік береді және деректердің мемлекеттік цифрлық платформа арқылы қауіпсіз берілуін қамтамасыз етеді.

БІЛІМ БЕРУ ГРАНТТАРЫН ТАҒАЙЫНДАУҒА ӨТІНІМ ҚАБЫЛДАУ БАСТАЛДЫ

Тексеру Ұлттық тестілеу орталығының мәліметтері негізінде автоматты түрде жүргізіледі. Егер талапкерге мемлекеттік білім беру гранты конкурстан тыс тәртіппен бұрыннан тағайындалған болса, жүйе бұл туралы өтінім беру кезінде хабарлайды. Мұндай жағдайда eGov.kz порталы немесе eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы қайта өтінім беру қажет болмайды.

Қалған талапкерлер өтінімді жалпы тәртіппен береді. Егер талапкер жеңілдік санатына жатса, өтінім беру кезінде тиісті мәртебе көрсетіледі және автоматты түрде расталады.

Өтінімді онлайн беру үшін пайдаланушыға:

- eGov.kz порталында авторизациядан өтіп, «Азаматтарға» — «Білім» — «Жоғары білім» бөліміне кіру;
- «Білім беру гранттарын тағайындау, сондай-ақ жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарында

13 шілдеден бастап eGov Mobile мобильді қосымшасы мен eGov.kz порталында білім беру гранттарын тағайындау конкурсына қатысуға өтінім қабылдау басталады. Құжаттарды онлайн түрде 13 шілде сағат 09:00-ден 20 шілде сағат 18:00-ге дейін тапсыруға болады. Биыл қызмет жаңартылды. Енді жүйе талапкерге мемлекеттік білім беру грантының конкурстан тыс тағайындалғанын автоматты түрде тексереді

білім алушыларға әлеуметтік қолдау көрсету» қызметін таңдау;

- «Қызметке онлайн тапсырыс беру» батырмасын басу;
- міндетті жолдарды толтырып, сұрау салуға қол қоюдың қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қою;
- жеке кабинетте өтінімнің мәртебесін қадағалау. Өтінімнің өңделгені туралы хабарлама «Қызметтерді алу тарихы» бөлімінде көрсетіледі.

eGov Mobile мобильді қосымшасы арқылы өтінім беру тәртібі де осыған ұқсас. Өтінім қабылдау кезеңінде жүктеме жоғары болған жағдайда eGov.kz порталы

пайдаланушылар ағынын электрондық кезек арқылы реттейді. Электрондық кезекке қосылғаннан кейін пайдаланушының кезегі келгенде жүйе қызметке автоматты түрде қолжетімділік береді. Кезекті қолмен бақылауға үшін «Кезектің жақындағаны туралы SMS арқылы хабарлау» чекбоксын белгілеуге болады. Хабарлама мобильді азаматтар базасында тіркелген телефон нөміріне 1414 нөмірінен жіберіледі. Егер телефон нөмірі базада тіркелмеген болса, оны қолмен енгізуге болады. Құту барысында браузер қойындысын жабуға немесе жаңартуға болмайды, әйтпесе пайдаланушы кезектегі орынан айырылады.



Өтінім бергеннен кейін талапкер eGov.kz порталындағы жеке кабинетінде білім беру грантын тағайындау конкурсына қатысқаны туралы электрондық анықтама алады.

Конкурс қорытындысы бойынша талапкерге білім беру грантының тағайындалғаны туралы электрондық сертификат беріледі. Ол 10 тамыздан кешіктірмей eGov.kz порталындағы жеке кабинетте қолжетімді болады. Егер конкурс нәтижесі бойынша білім беру гранты тағайындалмаса, жеке кабинетке бас тарту туралы ақпарат қамтылған хабарлама жіберіледі.

БАЛАЛАРҒА АРНАЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ЖӘНЕ САУЫҚТЫРУ ОРТАЛЫҚТАРЫ ЭЛЕКТРОНДЫҚ ЛИЦЕНЗИЯЛАУҒА КӨШЕДІ

Қазақстанда балаларға арналған білім беру және сауықтыру орталықтарын лицензиялауға арналған қызмет іске қосылды. Енді ұйымдар лицензия алу үшін өтінімді eLicense.kz порталы арқылы толықтай онлайн форматта тапсыра алады, мемлекеттік органдарға баруың қажеті жоқ.

қолданыстағы нормаларға сәйкес «Балалар сауықтыру лагері» ұғымы «балаларға арналған білім беру және сауықтыру орталығы» атауымен ауыстырылды. Бұл өзгеріс мұндай ұйымдардың қызметі тек сауықтырумен шектелмей, білім беру бағытын да қамтитынын көрсетеді.

Қызметті пайдалану үшін:

- eLicense.kz порталында авторизациядан өтіп, басты беттен «Білім» бөлімін таңдау;
- «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта,

техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру, діни білім беру, көмектете толмағандарға білім беру - сауықтыру қызметтері саласында білім беру қызметі» қызметін таңдау;

- «Көмектете толмағандарға білім беру-сауықтыру қызметтері» түрін белгілеп, «Келесі» батырмасын басу;
- қажетті мәліметтерді толтырып, төлем жасап, өтінімді қол қоюдың қолжетімді әдістерінің бірімен растау.

Лицензия 5 жылға беріледі, өтінім 30 жұмыс күні ішінде қаралады.

Жаңашылдық жыл бойы жұмыс істейтін және маусымдық орталықтардың барлығына қатысты. Ол көмектете толмағандарға білім беру және сауықтыру қызметін көрсететін мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарды қамтиды.

Лицензиялық талаптар медициналық қызметтің болуын, қауіпсіздік жүйелерін, бекітілген білім беру және сауықтыру бағдарламаларын, санитарлық нормалардың сақталуын, балалардың тұруына қолайлы жағдай мен қажетті инфра-құрылымды қамтамасыз етуді көздейді.



Электрондық формат рұқсат құжаттарын алу тәртібін жеңілдетеді, ұйымдардың уақыт және әкімшілік шығындарын азайтады, сондай-ақ үдерістің ашықтығын арттырады.

2026 жылдан бастап Оқу-ағарту министрлігі балаларға арналған білім беру және сауықтыру орталықтарының қызметіне қатысты міндетті лицензиялау талаптарын белгіледі. Жаңа тәртіп бұрын қолданылған хабарлама режимінің орнына енгізілді. Осыған байланысты заңнамада қолданылатын терминдер нақтыланды:

ЖЕР УЧАСКЕЛЕРІНЕ МЕМЛЕКЕТТІК АҚТІЛЕРДІ БЕРУ ҚЫЗМЕТІ ТОЛЫҚТАЙ ОНЛАЙН ФОРМАТҚА КӨШТІ

2026 жылдың 12 шілдесінен жер учаскелеріне мемлекеттік ақтілерді беру жөніндегі мемлекеттік қызмет Халыққа қызмет көрсету орталықтарында (ХҚКО) көрсетілмейді. Енді мемлекеттік актіні рәсімдеуге өтінімді тек eGov.kz порталы арқылы ғана беруге болады. Бұл өзгерістер Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігінің бұйрығына сәйкес күшіне енеді.

Қызметті алу үшін пайдаланушы eGov.kz порталына кіріп, жер учаскесіне мемлекеттік актіні беру қызметін таңдап, қажетті мәліметтерді толтырып, өтінімге электрондық сәйкестендірудің қолжетімді тәсілдерінің бірі арқылы қол қою қажет. Өтінім қаралғаннан кейін дайын нәтиже пайдаланушының Жеке кабинетінде қолжетімді болады.

Мемлекеттік қызметті алу тәртібі туралы толық ақпарат eGov.kz порталындағы қызмет паспорттарында орналастырылған.


«Бұған дейін жер учаскесіне мемлекеттік актіні алу үшін азаматтар ХҚКО-ға жеке жүгінуге міндетті болатын. Қазіргі таңда

мұндай қажеттілік іс жүзінде жойылды, өйткені өтінімдердің 96%-ы онлайн форматта беріледі, ал 12 шілдеден бастап қызмет көрсету процесі толықтай цифрлық форматқа көшірілді. Енді eGov.kz порталында өтінім беріп, оған ЭЦҚ арқылы қол қойып, дайын құжатты жеке кабинеттен алу жеткілікті. Осыған ұқсас тәсілмен суранысқа ие ТОП-10 мемлекеттік қызметті цифрландыру жұмыстары жүргізілуде. Бүгінде бұл тәсіл нақты нәтижесін көрсетіп отыр: ХҚКО операторларына түсетін жүктеме 30%-ға төмендеді. Соның нәтижесінде мыңдаған азамат мемлекеттік қызметтерді ХҚКО-ға бармай, кезекте күтпей-ақ әлдеқайда жыл-

дам ала бастады», — деді ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің бірінші вице-министрі Ростислав Кошанкин.

Бүгінде онлайн форматта қолжетімді мемлекеттік қызметтердің қатарында жылжымайтын мүлікке техникалық паспорт пен оның телнұсқасын беру, электрондық цифрлық қолтаңба (ЭЦҚ) алу, тұрғылықты жері бойынша тіркелу, жүргізуші куәлігін алу, еңбекші көшіп келушілерге рұқсаттарды беру және олардың қолданылу мерзімін ұзарту сияқты қызметтер бар.


Сонымен қатар, егер азаматта қызметті онлайн алу үшін қажетті жағдайлар болмаса, ол ХҚКО-дағы өзіне-өзі қызмет көрсету



аймақтарын пайдаланып, мемлекеттік қызметті дербес рәсімдей алады.

Мемлекеттік қызметті толықтай онлайн форматқа көшіру ҚР Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің Мемлекеттік көрсетілетін қызметтер комитеті, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі, «Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ және «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясы» КЕАҚ бірлескен жұмысының нәтижесінде жүзеге асырылды.

«Ұлттық ақпараттық технологиялар» АҚ Корпоративтік коммуникациялар департаменті.



Дүйсенбі, 20 шілде	Сейсенбі, 21 шілде	Сәрсенбі, 22 шілде	Бейсенбі, 23 шілде	Жұма, 24 шілде	Сенбі, 25 шілде	Жексенбі, 26 шілде
QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN	QAZAQSTAN
05.30 ӘНУРАН. 05.35 «ҚОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 06.10, 03.10 Т/Х «ШАБДАЛЫ-18». 07.00 «ТАՏՆՈԼՐԱՆ». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӨДЕ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 13.55 Д/Ф. 14.30 «АҚОРДА». 14.45 «ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР». 15.40 ФУТБОЛ. 15.55, 21.25 Т/Х «БЫР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 17.20, 00.40 «ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 «1001 ТҮН».	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.10 Т/Х «АБЫСЫН- ДАР». 07.00 «ТАՏՆՈԼՐԱՆ». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӨДЕ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 13.55 «МІНСІЗ МҮСІН ИЛЛЮЗИЯСЫ». 14.15 «ҚАНТ». 14.35 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.55, 21.25 Т/Х «БЫР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.15 Т/Х «АБЫСЫНДАР». 07.00 «ТАՏՆՈԼՐԱՆ». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӨДЕ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 13.55 «ГОРМОНДАР БАЛАНСЫ». 14.20 Д/Ф. 14.55 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.55, 21.25 Т/Х «БЫР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 01.30 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.20 Т/Х «АБЫСЫНДАР». 07.00 «ТАՏՆՈԼՐԱՆ». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӨДЕ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 02.40 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 13.55, 01.25 «PRIME ERA». 14.20 ТАҒА САНА. 14.55 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.55, 21.25 Т/Х «БЫР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.35 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 22.20, 01.45 АШЫҚ АЛАҢ. 23.10 1001 ТҮН.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 17.00, 20.00, 00.10 АҚПАРАТ. 06.05, 03.05 Т/Х «АБЫСЫНДАР». 07.00 «ТАՏՆՈԼՐԱՆ». 09.00 Т/Х «МЫҢ ҮӨДЕ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00, 02.25 ҚЫЗЫҚ ЕКЕН. 12.50 Т/Х «ЫСТЫҚ ҰЯ». 13.55 «ТАҒА ҚАЗАҚСТАН». 14.10 QAZAQ CREATIVE. 14.40 ӨНДЕР МЕН ЖЫЛДАР. 15.20 Д/Ф. 15.55, 21.25 Т/Х «БЫР ҮЙДІҢ БАЛАЛАРЫ». 17.20, 00.40 ҚАЗІР АЙТАЙЫҚ». 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 21.25 ҚАЙЫРЛЫ КЕШ! 23.05 «ИП МАН: СОҢҒЫ ЖЕКПЕ-ЖЕК», Х/Ф.	05.30 ӘНУРАН. 05.35, 20.00, 01.00 АҚПАРАТ. 06.05, 02.50 «АУЫЛДАСТАР». 06.20, 02.10 Т/Х «СҮЙЕ БІЛСЕН...». 07.50 ІЗГІЛІК ФОРМУЛАСЫ. 08.05 ҒАРЫШҚА АПАРАР ЖОЛ. 08.35 «ҚОҢІЛ ТОЛҚЫНЫ». 10.00, 18.00 Т/Х «СЕЗІМ МЕН СЕРТ». 12.00 «ҚАЙЫРЛЫ КЕШ!». 13.50 М/Ф «КӨККЕ». 15.15 «САҒЫНДЫРҒАН ӨНДЕР-АЙ». 15.40 «ИП МАН: СОҢҒЫ ЖЕКПЕ ЖЕК», Х/Ф. 17.40, 01.55 АҚОРДА. 20.00, 01.25 Д/Ф. 20.30 Т/Х «ӘУЛЕТ КҮНІЯСЫ». 21.25 «ЖЫНЫМ СОЛ», Х/Ф. 03.35 ИНЖУ-МАРЖАН.	

Дүйсенбі, 20 шілде	Сейсенбі, 21 шілде	Сәрсенбі, 22 шілде	Бейсенбі, 23 шілде	Жұма, 24 шілде	Сенбі, 25 шілде	Жексенбі, 26 шілде
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------


ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 КОНЦЕРТ. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 Е. АЙДАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 Е. АЙДАР. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ЕРКІН НҮРЖАНОВ. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 ЕРКІН НҮРЖАНОВ. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 НҮРБОЛАТ АБДУЛЛИН. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 НҮРБОЛАТ АБДУЛЛИН. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 23.00 ЕРНАР АЙДАР. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 ЕРНАР АЙДАР. 10.00 Т/Х «АЛПЫСТАН АСЫП БАРАМЫН». 13.00 ОЙНАҚ. 14.00 М/Ф. 15.00 ХАЛЫҚ ТАҢДАУЫ. 15.30 Т/С «РАЙСКОЕ МЕСТО». 19.00 НОВОСТИ. 19.30 ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 Т/Х «ТРАКТОРШЫНЫҢ МАХАББАТЫ». 21.00 Т/Х «АР АЛДЫНДА». 22.00 ҚОҒАМ ШҚІР. 23.00 ӘЛИ ОҚАПОВ. 00.30 ПОДКАСТ «КОН- ТЕКСТ». 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50, 14.00 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 ӘЛИ ОҚАПОВ. 10.00 М/Ф. 11.10 М/Ф «БАРБОСКИНЫ». 11.45 «СПАСИТЕЛЬНЫЙ РАССВЕТ», Х/Ф. 15.15 ҚЫЗЫҚ TIMES. 16.30 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 21.00 7 КҮН. 21.30 ЖҰМЫР ЖЕР. 21.50 «КОРОЧЕ», Х/Ф. 00.00 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.	ХАБАР 05.00 ӘКЕ БАҚЫТЫ. 05.45 МАҢДАЙ ТЕР. 06.50 ХХІ ҒАСЫР КӨШБАСШЫСЫ. 08.00 ШОМШАЙ САРИЕВ. 09.40 АЗАМАТ. 10.45 «КОРОЧЕ», Х/Ф. 13.00 М/Ф. 14.10 М/Ф «ФЛИБУБУ». 15.20 Т/Х «МЕЗГІЛСІЗ МАХАББАТ». 19.45 ҚЫЗЫҚ TIMES. 21.00 7 КҮН. 21.30 ГЛОБАЛЬНЫЕ СОБЫТИЯ. 21.50 «СПАСИТЕЛЬНЫЙ РАССВЕТ», Х/Ф. 00.00 ПОДКАСТ. AZAMAT LIVE. 01.00 ҚР ӘНУРАНЫ.
---	--	--	---	--	--	--

Дүйсенбі, 20 шілде	Сейсенбі, 21 шілде	Сәрсенбі, 22 шілде	Бейсенбі, 23 шілде	Жұма, 24 шілде	Сенбі, 25 шілде	Жексенбі, 26 шілде
-----------------------	-----------------------	-----------------------	-----------------------	-------------------	--------------------	-----------------------

ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 ҚАЙМАҚ. 07.40 «ТҮЗАҚКА ТҮСКЕН ТАҒДЫРЛАР». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПУЛЯ». 02.05 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПУЛЯ». 02.05 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ПУЛЯ». 23.05 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 02.05 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 03.10 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00, 01.25 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.35 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 02.05 Т/С «ЯНЫЧАР». 03.45 «П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 19.00 KÖREMİZ- ШОУ. 07.05 Т/С «ЖИЗНЬ, КОТОРОЙ НЕ БЫЛО». 08.00 ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН! 09.30 ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН! 11.10 ЖИТЬ ЗДОРОВО. 12.10 ДАВАЙ ПОЖЕНИМСЯ. 13.10 МОДНЫЙ ПРИГОВОР. 14.10 ЖАҢАЛЫҚТАР. 14.25 НОВОСТИ. 14.30 QOSLIKE. 18.30, 02.45 БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР. 20.00 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 20.30 ПОЛЕ ЧУДЕС. 22.00 Т/С «ВОЗМЕЗДИЕ». 03.10 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА». 03.45 «П@УТИНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00, 03.45 «П@УТИНА». 07.15 ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ. 07.50 «МАЧЕХА», Х/Ф. 12.05 ПОЛЕ ЧУДЕС. 13.40 Т/С «ЛЮБОВЬ СКВОЗЬ ВРЕМЯ». 15.00 «QOSLIKE». 17.45 «МАЛАЙ», Х/Ф. 20.20 «ПОКОЛЕНИЕ ОНЛАЙН». 20.35 Т/С «СУРРОГАТНАЯ МАТЬ». 01.30 Т/С «ГОРЬКО! В МЕКСИКЕ». 03.15 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».	ЕВРАЗИЯ 06.00 П@УТИНА. 07.45 ҚАЙМАҚ. 08.35 Т/С «СУРРОГАТНАЯ МАТЬ». 13.00 «ЛЮБОВЬ СКВОЗЬ ВРЕМЯ», Х/Ф. 14.25 DASTARXAN. 16.10 ДОСТОЯНИЕ РЕСПУБЛИКИ. 18.30 «ГОЛОСОВОЙ ПОМОЩНИК», Х/Ф. 20.55 «П@РА В ДОЧКИ-МАТЕРИ», Х/Ф. 01.50 Т/С «СКРЫТЫЕ МОТИВЫ». 03.45 Т/С «ПАДЕНИЕ ОРДЕНА».
--	---	--	--	---	---	---

«Өзіңе тілемеген жамандықты
басқаға да тілемеге.
Өзіңе істеген жақсылықты
басқадан қызғанба».

Мағжан ЖҰМАБАЕВ.



САҒЫЛАР НАЗАРЫНА!

АҢШЫЛЫҚ МАУСЫМЫ АШЫЛДЫ



ҚР Ауыл шаруашылығы министрінің м.а. 27.02.2015 жылғы № 18-03/157 «Аңшылық қағидаларын бекіту туралы» бұйрығына, Солтүстік Қазақстан облыстық орман шаруашылығы және жануарлар дүниесі аумақтық инспекциясының 01.06.2026 жылғы № 60 бұйрығына сәйкес, «Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі Мағжан Жұмабаев ауданының аңшылық аумақтарының аумағында 2026 жылғы аңшылық маусымы ашылғанын хабарлайды:

- Балшықшы құсына 01 шілдеден 30 қарашаға дейін

- сондай-ақ 15 шілдеден бастап еліктің, маралдың және бұланардың атықтарына.

«Булаев орман шаруашылығы» КММ-сі Мағжан Жұмабаев ауданының аңшыларына тұяқты жануарлардан басқа жабайы жануарларды аулау туралы белгі күн сайын аң аулау аяқталғаннан кейін немесе қорықшы күні бойы келесі аң аулау орнына көшкен кезде, ал ол болмаған кезде аңшының өзі жануарлар дүниесін пайдалануға рұқсатта, жолдамада, ал кәсіпшілік аң аулау кезінде - кәсіптік журналында қою керектігін хабарлайды.

Тұяқты жануарларды аулау кезінде тиісті аңшылық шаруашылығының қорықшысының болуы міндетті.

Аң аулау аңшыда мынадай құжаттар болған кезде жүзеге асырылады: аңшы куәлігі; аңшылық шаруашылығы субъектісінің жолдамасы; аңшылық атыс қаруын қолдана отырып аң аулау кезінде - жеке

тұлғаларға азаматтық қаруды және оның патрондарын сақтауға және алып жүруге рұқсат, отырғызу үйрегі, жарма немесе тұлпыт қолдана отырып.

Сондай-ақ, «Булаев орман шаруашылығы» КММ жануарлар дүниесін пайдалану талаптары мен аң аулау ережелерін бұзғаны үшін ҚР ӘҚБтК 382-бабында жауапкершілік көзделгенін, атап айтқанда, қылмыстық жазаланатын іс-әрекет белгілері жоқ жануарлар дүниесін пайдалану талаптарын және (немесе) аң аулау ережелерін бұзу - ескертуге немесе жеке тұлғаларға бес АЕК мөлшерінде айыппұл салуға өкпе соғатынын ескертеді (21625 теңге), ал аңшылық шаруашылығына залал келтірілген жағдайда осы залалды толық көлемде төлеу түрінде санкция салуға өкпе соғады. Рұқсат құжаттарының елік аулағаны үшін 1 адам үшін шығын сомасы 375 АЕК (1.621.875 теңге) құрайды.

Аңшылық шаруашылығына жүз АЕК-тен астам залал келтірілген жағдайда, іс құқық бұзушы үшін тиісті салдарлармен әкімшілік іс жүргізуден қылмыстық іс жүргізуге ауысады.

Егер заңсыз аңшылық жасаған тұлғалар анықталса, олар үшін ҚР Қылмыстық Кодексі 337 бабының 1 бөлігінде жауапкершілік қарастырылған: «1. Заңсыз аң аулау, оның ішінде атыс, пневматикалық, лақтырылатын, суық қаруды, қолға түсірудің басқа да құрал түрлерін, иттерді, аушы жыртқыш құстарды, салт атты, жегін көлікті қолданып заңсыз аң аулау, егер бұл іс-әрекет айтарлықтай залал келтіре отырып жасалса, сол сияқты жарылғыш құрылғыларды немесе жануарларды жаппай қырып-жоятын өзге де құралдарды, авиа-, авто-, мотоцикл құралдарын, оның ішінде қарда жүретін техниканы не шағын көлемді кемелерді қолданып заңсыз аң аулау - мүлкі теркіленіп, белгілі бір лауазымдарды атқару немесе белгілі бір қызметпен айналысу құқығынан үш жылға дейінгі мерзімге айыра отырып, үш мың айлық есептік көрсеткішке дейінгі мөлшерде айыппұл салуға не сол мөлшерде түзеу жұмыстарына, не сегіз жүз сағатқа дейінгі мерзімге қоғамдық жұмыстарға тартуға, не үш жылға дейінгі мерзімге бас бостандығын шектеуге, не сол мерзімге бас бостандығынан айыруға жазаланады».

«Булаев орман шаруашылығы» КММ аңшыларға уақыт жақсы әрі пайдалы өткізуді және сонымен бірге ҚР аң аулау ережелерін бұзбауға шақырады.

Александр ШИТОВ,

«Булаев орман шаруашылығы» КММ аңшылық жүргізушісі.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП

БАЛАЛАРДЫҢ ӨМІРІ МЕН ДЕНСАУЛЫҒЫНА
ЖАУАПКЕРШІЛІКТЕН ҚАРАЙЫҚ!ҚАУІПСІЗДІК ЕРЕЖЕЛЕРІН
САҚТАЙМЫЗ!

ӨЗ ӨМІРІҢ – ӨЗ ҚОЛЫҢДА!

САҚ БОЛСАҢ – АМАН БОЛАСЫҢ!

ҚҰРМЕТТІ АТА-АНАЛАР!

Балалардың өмірі мен денсаулығы ең алдымен ересектердің жауапкершілігі мен қырағылығына байланысты.

Төмендегі қауіпсіздік шараларын қатаң сақтауыңызды сұраймыз.

СУИЦИДТІҢ АЛДЫН АЛУ

• Балаңыздың көңіл күйіне және психологиялық жағдайына күн сайын назар аударыңыз.

• Баламен сенімді қарым-қатынас орнатып, оның мәселелерін мұқият тыңдаңыз.

• Мінез-құлқындағы өзгерістерді (тұйықталу, өмірге қызығушылықтың төмендеуі, өлім туралы әңгімелер, көңіл күйдің күрт өзгеруі) назардан тыс қалдырмаңыз.

• Дәрі-дәрмектерді, өткір және қауіпті заттарды балалардың қолы жетпейтін жерде сақтаңыз.

• Қауіпті белгілер байқалған жағдайда психологтың, педагогтың немесе дәрігердің көмегіне дереу жүгініңіз.

СУҒА КЕТУДІҢ АЛДЫН АЛУ

• Балаларды өзен, көл, бассейн және басқа да су айдындарының маңында қараусыз қалдырмаңыз.

• Тек арнайы жабдықталған әрі рұқсат етілген

орындарда ғана шомылыңыз.

• Балаңызға судағы қауіпсіздік ережелерін түсіндіріңіз.

• Қайықпен немесе басқа жүзу құралдарымен жүргенде құтқару кеудешесін пайдалануды қамтамасыз етіңіз.

• Балалардың су айдындарына ересектерсіз баруына жол бермеңіз.

БАЛАЛАРДЫҢ ТЕРЕЗЕДЕН ҚҰЛАУЫНЫҢ
АЛДЫН АЛУ

• Кішкентай балаларды терезесі ашық бөлмеде қараусыз қалдырмаңыз.

• Терезелерге арнайы қорғаныс құлыптарын немесе ашылуын шектейтін құрылғылар орнатыңыз.

• Терезенің жанына бала шығып кетуі мүмкін жиһаздарды қоймаңыз.

• Москит торы баланы құлаудан қорғайтынын және оның салмағын көтермейтінін есте сақтаңыз.

• Балаларға терезе мен балкон маңында ойнаудың қауіпті екенін үнемі ескертіп отырыңыз.

КӨЛІК ҚҰРАЛДАРЫН ЖҮРГІЗУ ҚҰҚЫҒЫНСЫЗ
БАСҚАРУДЫҢ АЛДЫН АЛУ

Кемелетке толмаған балаларға автокөлікті, мотоциклді, молепті, скутерді және басқа да көлік құралдарын жүргізуші куәлігінің басқаруға рұқсат бермеңіз.

Көлік құралдарының кілтін балаларға бермеңіз.

Көлік құралын жүргізу құқығынсыз басқару адамның өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретінін және заңнамаға сәйкес жауапкершілікке әкелетінін түсіндіріңіз.

Баланың қайда жүргенін және кімдермен араласатынын бақылауда ұстаныңыз.

ЕСТЕ САҚТАҢЫЗ!

Ата-ананың қамқорлығы, қырағылығы және жеке үлгісі – баланың өмірі мен денсаулығын сақтаудың басты кепілі.

БАЛАЛАРЫҢЫЗДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІНЕ
БЕЙЖАЙ ҚАРАМАҢЫЗ!

Қазақстан Республикасы ІІМ
Әкімшілік полиция комитеті.

5 АЛАЯҚ СІЗГЕ
ҚОҢЫРАУ ШАЛЫП
ТҰРҒАНЫН БІЛДІРЕТІН
БЕЛГІ

АТЫҢЫЗҒА
НЕСІЕ ТУРАЛЫ
АЙТСА



SMS-КОДТЫ
АЙТУДЫ
СҰРАСА



ТІНТУ НЕМЕСЕ
ҚЫЛМЫСТЫҚ ІС
ҚОЗҒАУМЕН
ҚОРҚЫТСА



ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
ТАЛАП ЕТСЕ



ТУЫСТАРЫҢЫЗҒА
НЕМЕСЕ БАСҚАЛАРҒА
АЙТПАУҒА ТЫЙЫМ
САЛСА



ТҰТҚАНЫ ҚОЙЫҢЫЗ!



НАҚЫЗ МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТКЕРЛЕР
ЕШҚАШАН:



SMS-КОД
СҰРАМАЙДЫ



НЕСІЕ АЛУҒА
МӘЖБҮРЛЕМЕЙДІ



ҚОСЫМША
ОРНАТУДЫ
СҰРАМАЙДЫ



АҚША АУДАРУДЫ
ТАЛАП
ЕТПЕЙДІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

«Вести», «Magjan juldzyz» газеттерінің меншік иесі - «Газета «Вести» жауапкершілігі шектеулі серіктестігі Қазақстан Республикасының құрылтайына кандидаттарды сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру үшін баспа алаңдарын ұсыну шарттары туралы хабардар етеді.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 28 бабы 3 тармағына сәйкес «Magjan juldzyz» және «Вести» газеттерінің редакциялары шарттық негізде ұсынылатын сайлау алдындағы үгіт материалдарына ақы төлеу мөлшері мен орналастыру шарттары туралы мәліметтерді жариялайды.

Үгіт материалдарын орналастыру құны баспа алаңының 1 шаршы сантиметріне 180 (бір жүз сексен) теңгені құрайды.

Орналасыру шарттары:

- Сайлау алдындағы үгіт материалдарын орналастыру тек шарттық негізде жүзеге асырылады;

- Үгіт материалдары «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының және Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының өзге де нормаларының талаптары сақталған кезде жариялауға қабылданады;

- Жарияланымның көзектілігі өтінімнің келіп түскен және шарт жасасқан күнімен, сондай-ақ редакциялардың техникалық мүмкіндіктерімен айқындалады;

- Материалдар газеттің шығу кестесіне сәйкес оларды дайындау мен шығаруды жүзеге асыруға мүмкіндік беретін мерзімдерде ұсынылуы тиіс.

Осы хабарлама Қазақстан Республикасы сайлау заңнамасының талаптарын сақтау мақсатында жарияланды.

Н.Ф. ГОНЧАР,

«Газета «Вести» ЖШС директоры.

Директор - бас редактор
Неля ГОНЧАР

Газеттің меншік иесі:
«Газета «Вести» ЖШС»

Редкцияның мекен жайы: 150800 Солтүстік
Қазақстан облысы, Мағжан Жұмабаев ауданы,
Булаев қаласы, Батыр Баи көшесі, 13 үй.

Тел: 2-17-49.
Баспадан индекс 65360
e-mail: magzhan.zhuldizi@yandex.kz

Газет антасына
1 рет бейсенбі күні
шығады.
Жазылу индексі - 65360

«Magjan juldzyz» газеті
редакцияда терісін беттеді.
«Северный Казахстан»
баспаханасында басылды.
(Петропавл қ.к., Коммуна қ-сі, 5 үй).
Тарапына - 440

Газет аудан әкімшілігі, аудандық
мәслихаттың танымалы бойынша
нығарылады және газеттер арқылы
мемлекеттік ақпараттық саясатты
жүргізуді ресми баспасын болып
табылады

Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрінің 2018 жылы 11 желтоқсанда есепке алынған №17395-Г куәлігін алған. Жарнаманың мазмұны мен мәтініне жарнама беруші жауапты. Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция қозғарасын білдірмейді. Редакцияға жолданған қолжазбалар, хаттар «Мағжан жұлдызы» газетінің меншігіне айналады, рецензияланбайды, қайтарылмайды. Газетті жеткізгіш беру мәселелері жөнінде 2-17-80 телефоны бойынша аудандық пошта торабына хабарласуға болады